Turkic Studies Journal 2 (2024) 23-56

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Turkic Studies Journal

Journal homepage: www.tsj.enu.kz

# Көшпелі қазақ қоғамындағы әдеттік-құқықтық қатынас пен іс-тәжірибенің антропологиясы (XVIII-XIX ғ. 60-жылдары)[1]

**Н. Әлімбай**

*Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан Республикасы*
*(E-mail: burgan555@gmail.com)*

ARTICLE INFO

**Кілт сөздер:** *«Жеті Жарғы», «Жүгініс», «Билер кеңесі», би, әдеттік құқық, әдет-құқықтық ұстаным, бидің билігі, билік жүргізу, даугер, жауапкер.*

ХҒТАР 03.20

DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-23-56

АННОТАЦИЯ

Мақалада дәстүрлі қазақы ортада шамамен XIX ғ. 60-жылдарының аяғына дейін сақталған ежелгі әдеттік-құқықтық ұстанымдар мен институттар, соның ішінде сот ісін жүргізудің дәстүрлі тәртібі мен реті зерттеледі. Ресей империясы әкімшілік құрылымының отарлық реформаларының нәтижесінде осы уақыттан кейін қазақ социумының ежелгі әкімшілік-билік жүйесі, соның ішінде әдеттік-құқықтық ұстанымдар мен институттар іс жүзінде «жұтылып» кетті. Шамамен аталмыш ғасырдың 60-жылдарының соңынан бастап және одан әрі Ресей әкімшілігі тарапынан «қолдан жасалған» «жаңа билердің» билігі және империяның отарлау идеологиясы мен іс-тәжірибесінің тегеурінді ықпалымен «жетілдірілген» әдеттік құқықтың нормалар зерттеуде қарастырылмайды. Мақалада жүгініс және билер кеңесі сынды қазақтың дәстүрлі сот жүйесінің ұйымдық формалары және осы институттардың әрқайсысы арқылы сот үрдісінің ұйымдастырылуы мен жүргізілу барысы зерттеледі. Әрбір дәстүрлі сот ісін ұйымдастыру мен жүргізу үрдісі көрнекті билердің іс-тәжірибесіне сүйенеді. Мұндай билердің сан ұрпақтары арқылы жеткен бұл іс-тәжірибенің көшпелі қоғамының тіршілігіндегі орны мен рөлі өлшеусіз болды. Бидің билігі барысында функциясы ұдайы «іске қосылып» отыратын «билік жүргізу», «би», «төбе би», «ара би», «айыпкер», «даугер», «қамшы тастау», «жасауыл», «куәгер», «айғақ», «жан беру», «жанға ұстанған», «кепілдікке жүру», «салауат айту» және осы сынды тағы басқа да субъектілер мен құқықтық категориялар және әдіс-тәсілдерді осы үрдістің құқықтық кеңістігінің жүйелілігін қамтамасыз ететін институционалдық тораптар ретінде қарастыруға болады. Олардың арасындағы функционалдық байланыстар әдеттік-құқықтық қатынастарының мәдени антропологиялық болмысын білдіреді.

Received 15 May 2024. Revised 23 May 2024. Accepted 04 June 2024. Available online 30 June 2024.

***Дәйексөз үшін:*** Н. Әлімбай Көшпелі қазақ қоғамындағы әдеттік-құқықтық қатынас пен іс-тәжірибенің антропологиясы (XVIII – XIX ғ. 60-жылдары) // Turkic Studies Journal. – 2024. – Т. 6. – № 2. – 23-56 б. DOI: ttp://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-23-56

***For citation:*** N. Alimbay Anthropology of customary legal relations and practices in the nomadic Kazakh society (18th – 60s of the 19th centuries) // Turkic Studies Journal. – 2024. – Vol. 6. – No 2. – P. 23-56. DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-23-56

[1] Мақала ИРН BR 20280975 «Қазақ мемлекеттілігінің тарихи дәстүрлері және ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері» атты іргелі ғылыми зерттеу жобасы аясында жазылды.

## Кіріспе

Орталық Азиядағы көшпелі тіршілік кешкен басқа этностарға қарағанда қазақтың дәстүрлі социумының әлеуметтік-ұйымдық құрылымы жүз, тайпа, ру, қауым сынды таксондардан және соңғысына кіретін бірнеше сегменттерден («бірата» немесе «ата балалары») тұрғандықтан, айырықша күрделілігімен ерекшеленеді (Рычков, 1762: 131-145; Спасский, 1820: 86-110; Аристов, 1894: 391-427, 459-464; Аристов, 1896: 317-329, 350-393; Левшин, 1832, Ч. 2: 75-348; Левшин, 1832, Ч. 3: 2-25, 154-186; Зиманов, 1958; Толыбеков, 1971: 495-593; Султанов, 1982; Масанов, 2011: 93-268 және т.б.).

Бұл таксон-құрылымдар Орталық Азияның аридтік және субаридтік экожүйесін тиімді игеруге бағытталған көшпелілер стратегиясының әлеуметтік-экономикалық және институционалдық механизмдері ретінде қалыптасты. Сонымен бірге осындай әр деңгейлі таксондардың арасындағы сан ғасырлар бойы орныққан тиісті үйлесімдік, ең алдымен, жетіаталық ру-бірлестіктердің өзара қатынастар жүйесін әдеттік құқық және оның институттары арқылы реттеліп отырғанын ерекше екшеп айтқан жөн. Мұның себебі өзіндік шаруашылық территориясы, адамдар мен жеткілікті материалдық ресурстары және орнықты тіршілік жүйесі бар жетіаталық бірлестік көшпелілердің ең басты тіршілік кеңістігі болды. Олардың әрқайсының өндірістік-экономикалық жағынан белгілі дәрежеде дербес болғандығы сондықтан. Яғни жетіаталық бірлестіктің социум ретіндегі сан салалы, сан деңгейлі функциясы автономиялық режим принципіне негізделді (Алимбай, 2009; Алимбай, 2020). Әлбетте жетіаталық құрылым-социумның шаруашылық-территориялық жағынан мұндай дербестігі ең алдымен Қазақстанның табиғаты аса қатал жағдайында жергілікті су және жем-шөп ресурстарын мейлінше тиімді игеру қажеттілігіне байланысты туындады. Дегенмен мұндай әрбір құрылым өзінің аталмыш автономдық функциясын тек өзі құралыптас басқа құрылымдармен үйлесімді қатынастар жүйесі арқылы ғана толық жүзеге асыра алды. Өйткені жетіаталық бірлестіктер арасындағы сан ғасырлық өзара ынтымақтастық принципіне негізделген шаруашылық-территориялық, институционалдық, мәдени, ақпараттық, генеалогиялық, тіпті әскери қатынастар жүйесі ғана әрбір жетіаталық құрылым үшін өзінің тіршіліккамы функциясын тиімді атқаруының бірден-бір кепілі болды. Осындай әр деңгейлі таксондардың арасындағы және ішкі таксондық қатынастарды реттейтін дәстүрлі басқару-билік жүйесінде әдет-құқықтық ұстанымдар мен оның институттары, сөз жоқ, шешуші рөл атқарды. Өйткені осындай жолмен реттеп отыру ғана көшпелі қоғамның тиісті біртұтастығын қамтамасыз етіп отырды. Шынтуайтында осы аталған жайттарға байланысты болар, көшпелі қоғамдағы әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі қайшылықтар атаулы, соның ішінде, әсіресе «жесір дауы, жер дауы» дейтін аса күрделі оқиғалар, ең алдымен, жетіаталық құрылым ішінде және осы бірлестіктер арасында орын алып тұрды. Түптеп келгенде, бірінші кезекте, осы рулық құрылым мен руаралық байланыстар саласындағы ежелден орныққан тәртіп – «ата-баба жолының» ұстанымдарын сақтау ғана жүзаралық және ру-тайпааралық байланыстардың дәстүрлі үйлесімдігін, осы арқылы бүкіл қазақ қоғамының тұтастығын қамтамасыз етіп отырды. Қазақ аристократтарының көрнекті өкілдерінің, соның ішінде Қасым хан (1511-1523 жж.), Есім хан (1598-1628 жж.), Тәуке хан (1698-1715 жж.) сынды әйгілі хандардың,

беделді билердің әдеттік құқық және оның институттарын барынша нығайтып отыруға күш салып отырғандықтары сондықтан болса керек.

## Зерттеудің материалы мен әдіс-тәсілдері

Мақалаға қажетті деректер корпусын тарихи, тарихи-этнографиялық материалдың генезисі, сақталуы, мәтіндік форматы, осыдан туындайтын ақпараттық деңгейі сынды типологиялық параметрлері тұрғысынан төрт категорияға жіктеуге болады. Біріншісіне қазақтың әдеттік құқығының алғашқы кодификацияланған санатындағы «Жеті Жарғы» жатады. Оның екі нұсқасы XIX ғ. 20-30 жылдарының бас кезеңінде орыс ғалымдары Г. Спасский мен А.И. Левшиннің еңбектерінде тұңғыш рет жарияланды (бұл жөнінде толығырақ сәл кейінірек айтылады).

Екіншісі – қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде патшалық билік тарапынан Қазақстанның әр өңірлеріне әр жылдары, әсіресе XIX ғасырдың өне бойы арнайы ұйымдастырылған экспедициялар барысында қазақ билері, ақсақалдары, рубасылары, сирек те болса сұлтандар сынды дала аристократтарының өкілдерінен жиналған ақпараттар. Бұлардың басым көпшілігі XIX-XX ғ. алғашқы он жылдығында тиісті материалдарды жүйелеп баспаға әзірлеу және басып шығару ісінде шешуші рөл атқарған тұлғалардың ұйымдастыруымен жарық көрді (Спасский, 1820; Шангин, 2005; Самоквасов, 1876; Броневский, 1830; Баллюзек, 1873; Красовский, 1868; Маковецкий, 1886 және т.б.). Олардың біразының Ресей Мемлекеттік тарихи архиві (РГИА, Санкт-Петербург), ішінара Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық архиві (әрі қарай – ҚР МОА) қорларында сақталған архивтік нұсқалары да кездеседі. Мысал ретінде Ресей билігі ұйымдастырған «Уақытша төтенше комитеттің»[2] мәжілісінде 1824 жылы қабылданған «Обычаи киргизов» деп аталатын ежелгі әдет-құқықтық ұстанымдардың жинағын айтуға болады. Бұл материал проф. Д.Я. Самоквасовтың ұйымдастыруымен 1876 жылы Варшавада жарық көрген «Сборник обычного права сибирских инородцев» деген жинаққа енді. Профессордың осы басылымның алғысөзіндегі ақпаратына қарағанда, ондағы Сібір «бұратана халықтарының» әдет-құқықтық дәстүрі жөніндегі материалдар және жоғарыда аталған «Обычаи киргизов» атты ұстанымдар жүйесі де, түпнұсқалардың емес, олардың XIX ғ. 70-жылдары орыс шенеуніктерінде сақталған көшірмесі негізінде жарыққа шықты (Самоквасов, 1876: IX-XI). Ал түпнұсқалар Санкт-Петербург қаласындағы жоғарыда аталған архивке шамамен XIX ғ. 20-30 жылдары өткізілген болуы керек. Осы түпнұсқалардың қазақтың әдеттік-құқық дәстүріне қатысты бөлімі 1948 жылы жарық көрген «Материалы по казахскому обычному праву» деп аталатын жинаққа енді (Материалы по обычному праву казахов, 1948: 7-8, 29-31, 31-69). Бұл жинақтың кіріспесінде айтылғандай, архивтік материалдағы әдеттік құқық ұстанымдарының мазмұны мен саны жағынан оның жоғарыда аталған жарық көрген нұсқасынан еш айырмашылығы жоқ (Материалы по обычному праву казахов, 1948: 8). Алайда түпнұсқадағы әрбір құқықтық ұстанымның жанында Омбының уақытша комитеті қызметкерлерінің оны түзетуді көксеген тиісті ескертпе-қорытындылары

[2] Бұл мекеме 1822 жылы «Сібір қазақтары туралы Жарғыдағы» «бұратана халықтарды басқару» туралы 68-бапқа сәйкес 1823 жылы Омбы қаласында құрылды[Материалы по обычному праву казахов, 1948: 29].

кездеседі (Материалы по обычному праву казахов, 1948: 8, 31-69). Осы ескертпе-қорытындылардың мазмұнынан империялық биліктің дәстүрлі қазақтың әдеттік құқық ұстанымдарын Ресей заңдарына мейлінше икемдеуге тырысқандары айқын көрінеді. Бұл жайт америкалық ғалым В. Мартиннің сөзімен айтқанда, отаршыл биліктің сонау XIX ғ. 20-жылдарының өзінде-ақ аталмыш әдеттік құқық ұстанымдары мен оның институттарын Қазақ өлкесін билеп-төстеудің тиімді құралына айналдыруды жоспарлағандығын айғақтайды (Мартин, 2012: 50, 68).

Осы категорияға империялық биліктің, әсіресе, 1844 ж. 14 шілдеде қабылданған «Орынбор қырғыздарын (қазақтарын. – *авт.*) басқару жөніндегі Ережеге» (Материалы по истории политического строя Казахстана..., 1960: 216-226) сәйкес жергілікті әскери әкімшіліктің (мысалы, Орынбор шекаралық комиссиясы) жіберілген өкілдерінің әрқайсысының қазақтың әдет-ғұрпы мен әдеттік құқығы туралы ел арасынан жинақтап жүйелеген мәліметтерді де жатқызуға болады. Бұлар да өткен ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысында қазіргі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық архиви қорынан алынып, жоғарыда аталған жинаққа енді (Циркулярное письмо..., 1948: 74-76; Рапорт поручика Аитова, 1948: 76-83; Рапорт губернского секретаря Беглова, 1948: 83-86; Рапорт губернского секретаря Лукина, 1948: 86-89; Рапорт губернского попечителя Александрийского, 1948: 89-95; Рапорт губернского секретаря Половоротова, 1948: 95-100; Рапорт губернского попечителя Кастырина, 1948: 100-101; Рапорт письмоводителя Ячменева, 1948: 101-107; Рапорт письмоводителя Сосновского, 1948: 107-109; Рапорт попечителя Белозерова, 1948: 109-116; Материалы по казахскому обычному праву.., 1948: 117-158). Аталмыш шекаралық комиссияның тапсырмасымен әдеттік құқықтың нормативтік ұстанымдарына жетік қазақ билерінен, ақсақалдарынан және старшындарынан тікелей жиналған бұл мәліметтер сол кезеңдегі қазақ социумындағы әдет құқықтық қатынастың институционалдық табиғаты жөнінде біршама түсінік алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге империялық биліктің жергілікті халыққа, оның шаруашылық-мәдени дәстүріне деген көзқарасын мейлінше дәл білдіретіндігімен де ерекше құнды.

Деректердің келесі үшінші категориясын XIX ғасырдағы «сөз ұстаған» әйгілі қазақ билерінен қалған қолжазбалар құрайды. Олардың дені XX ғасырдың 50-70 жылдары ел арасынан академик С. Зиманов және тарихи құқықтану саласының көрнекті маманы Н. Өсеровтің тікелей ұйымдастыруымен жиналды. Соның ең алғашқыларының бірі – Қызылорда қаласының тұрғыны Әлқуат Қайнарбайұлы атты қарт шежірешінің Н. Өсеровке тапсырған қолжазбасы (Өсерұлы, 2005: 368-369; Әлімбай, 2017: 511-512). Осы жиналған қазақы деректердің ішіндегі ерекше көрнектісі де құндысы – атақты Саққұлақ бидің баласы Ералы биге өсиеттеген қолжазбасы. Барлығы 118 баптан тұратын қолжазба «Есім ханның ескі жолы» деп аталады. Оны С. Зиманов Ералы бидің ұрпақтарынан алып, жариялаған болатын (Зиманов, Осеров, 2005: 288; Әлімбай, 2017: 513). Осы жолдардың авторының пікірінше, материал «Есім ханның ескі жолы» деп аталғанымен, әлі де жан-жақты да, жүйелі зерделеуді қажет ететін ондағы әдеттік құқық қағидаларының қазақ социумының орыс отаршылдығы әбден орныққанға дейінгі тарихи кезеңдерінің бәріне, соның ішінде Тәуке хан хандық жүргізген уақытқа да қатысы бар (Әлімбай, 2017: 513). Мұны, біріншіден, қолжазбадағы қағидалардың бізге мәлім әдеттік құқықтың дәстүрлі

қазақы ортада қолданыста болған негізгі нормалары және принциптерімен толық сәйкестілігінен де, ондағы «Жеті Жарғыға» байланысты кездесетін кейбір құқықтық ұстанымдардан да аңғаруға болады. Күні бүгінге дейін арнайы зерделі зерттеудің еншісіне айналмаған осы бір аса құнды материал көшпелі ортадағы қолданыста болған әдеттік құқықтың құрылымы мен оның сан алуан реттеуші функциясы жөнінде ғана емес, құқықтық қатынастың болмыс-бітімі туралы да толықмәнді түсінік алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, С. Зиманов пен Н. Өсеровтің айтуына қарағанда, олардың жеке мұрағаттарында қазақ билерінен жеткен жоғарыда аталған мәліметтер жинақтарынан басқа «...1960-1980 жылдары ұсынылған біркелкі қолжазбалар бар» (Зиманов, Осеров, 2005: 288). Бірақ бұл «біркелкі қолжазбалар» әлі жарыққа шыға қойған жоқ (авторлардың «біркелкі қолжазбалар» деп отырғаны мазмұндары бірдей қолжазбалар дегенді білдірсе керек. – *авт.*) (Әлімбай, 2017: 517).

Төртінші категорияға отандық және ресей архивтеріндегі, соның ішінде белгілі себептерге байланысты Ресей мемлекеттік тарих архиві (Санкт-Петербург қ.) қорларындағы мәліметтер жинағы кіреді (РГИА. Ф. 1291. Оп. 82. Д. 7; РГИА. Ф. 1291. Оп. 84. Д. 134; РГИА, Ф. 853. Оп. 2. Д. 18; РГИА. Ф. 853. Оп. 1. Д. 20; РГИА. Ф. 1396. Оп. 1. Д. 366; РГИА. Ф. 821. Оп. 133. Д. 594; РГИА. Ф. 391. Оп. 5. Д. 268; РГИА. Ф. 573. Оп. 12. Д. 13581; РГИА, Ф. 1396. Оп. 1. Д. 364; РГИА. Ф. 408. Оп. 1. Д. 430; РГИА. Ф. 391. Оп. 5. Д. 268 және т.б.). Бұл архивтік материалдардың дені XIX ғ. екінші жартысында белгілі себептерге байланысты дәстүрлі қазақы ортада белең ала бастаған әртүрлі құқықтық тәртіп бұзушылықтың статистикасы және олардың субъектілерін жазаланғандығы туралы және осы мәселе төңірегінде Ресей билігі өкілдерінің есебі сияқты мәліметтерден тұрады.

Ұсынылып отырған мақалаға қажетті материалдардағы мәліметтер, біріншіден, зерттеліп отырған мәселенің тарихи контекстісін ғылыми «модельдеудің» деректік негізі мен негіздемесі болып табылады. Екіншіден, қазақ билерінің билік жүргізу үрдісінің құқықтық арқауы – әдеттік құқық ұстанымдарының реттеушілік табиғаты, оларды жүзеге асырудың ежелден орныққан процессуалдық механизмі – тәртібі, реті және нәтижесі жөнінде толықмәнді түсінік алуға мүмкіндік береді.

Әдеттік құқықтың дәстүрлі қазақы ортадағы атқарылу үрдісін зерттеу барысында ең алдымен контекстілік әдіс-тәсіл қолданылды. Бұл тәсіл зерттеліп отырған институтты, оның құрылымы мен функциясын мақаланың мақсат-мүддесіне сәйкес әуелгі табиғи-тарихи күйінде, яғни Ресей отаршыл тәртіптің тегеуірінді ықпалына әлі де болса ұшырамай тұрған кезеңінің аясында қарастыруды міндеттейді. Бұл тәсілдің эвристикалық мүмкіндігін ашу мақсатында билік жүргізудің екі ұйымдық формалары жүгініс пен билер кеңесіне құрылымдық-функционалдық талдау жүргізілді. Осылайша, әдеттік құқықтың ілкімді нормалары мен принциптерін жүзеге асырудың процессуалдық механизмдері болып табылатын бұл ұйымдық формалардың жүйе құрушы «төбе би», «ара би», «даугер» («даушы»), «айыпкер», «құныкер», «қамшы тастау», «жасауыл», «жасауылақы», «жан беру», «жанға ұстану», «кепіл», «кепілдікке жүру», «сырт айғақ», «бет айғақ», «салауат айту», «салауатқа шақыру», «үкім-кесім», «құн», «құндас», «айбана» сынды және осы құралыптас тағы басқа да субъектілерінің, процессуалдық әдіс-тәсілдерінің, нормативтік принциптерінің тиісті функциялары талданды. Алайда бұл

функцияларды зерделеу аталмыш компонентердің өзара себеп-салдарлық байланысына негізделгенін ерекше екшеп айтқан жөн.

Зерттеудің деректік корпусын талдау жүйелілік және компаративистік тәсілдерге негізделді. Біріншісі тиісті мәліметтерді тақырыптық-проблемалық реттілікпен жүйелеуге мүмкіндік берсе, екіншісі әр жылдары және әр кезеңде пайда болған (немесе жарыққа шыққан) материалдардың мәтіндік һәм мазмұндық болмыс-бітімін анықтауға әдістемелік негіз болды.

## Тақырыптың зерттелу деңгейі

Қарастылып отырған мәселенің тарихнамасын оны зерттеудің тарих контексті, мақсаты, мүддесі, қажетті мәліметтерді жүйелеу және зерделеу методологиясы, осылардан туындайтын форматы, ғылым шешімі, архитектоникасы сынды параметрлері бойынша үш кезеңге бөлуге болады. Біріншісін қазан төңкерісіне дейінгі Ресей шенеуніктері мен зерттеушілерінің еңбектері құрайды. Екіншісіне совет кезеңіндегі жарыққа шыққан ғылыми мақалалар, диссертациялар, монографиялар форматындағы зерттеулер кіреді. Үшіншісіне Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдары жүргізілген аталмыш форматтағы зерттеулер жатады. Аталған үш кезеңдік тарихнаманың библиометриялық көрсеткішіне қарағанда, қазақтың әдеттік-құқық дәстүрін сан қырынан зерттеген еңбектердің жалпы саны айрықша молдығымен сипатталады. Осыған байланысты ұсынылып отырған мақаланың діттеген мақсат-мүддесіне сәйкес дәстүрлі қазақы ортада әдеттік құқықтың нормалары мен принциптерін жүзеге асырудың процессуалдық тәртібі мен реті қамтылған еңбектер ғана қарастырылады.

Мәселенің тарихнамасының алғашқы кезеңіне байланысты осы жолдар авторының зерттеуші Б.Қ. Смағұловпен бірлесіп жазған мақаласы жарыққа шыққан еді. Онда советтік дәуірге дейінгі жылдары орыс зерттеушілері мен империялық биліктің жергілікті өкілдерінің Қазақ өлкесінің әр аймағынан қазақтың құқықтық мәдениетіне байланысты сан алуан мәліметтер жиналып, жүйелеп жарияланған материалдарының «идеологиясы», бағыт-бағдары, мазмұны және олардың орыс билігінің іс-тәжірибесіндегі қолданысы сынды аспектілердің аясында «бидің билігі»[3] және қылмысты немесе айыпты деп есептелген тұлғалардың тиісті үкім-кесімінің институционалдық табиғаты сияқты мәселелер де ішінара талданылды (Алимбай, Смагулов, 2021). Дегенмен бұл шағын зерттеудегі тиісті «сюжет» орыс тарихнамасының сөз болып отырған тақырыпты зерттеуге қосқан үлесін толықмәнді парықтауға азшылық етеді.

Тарихнаманың бірінші кезеңінде қарастырылып отырған мәселеге қатысты еңбектердің әдеттік құқық дәстүрінің басқа аспектілеріне арналған материалдардың

[3] «Бидің билігі» – қазақ қоғамында бидің сот барысында даулы іске тергеу жүргізу және оның үкім-кесімін шығаратын жетекші функциясын білдіретін төл атау. Оның орыс тіліндегі мағыналық аудармасы – «судебная власть биев». Ал қазіргі ғылыми әдебиетте қолданылып жүрген «билер соты» мен аудармасы «халық соты» қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасында орныққан тиісінше «суд биев» және «народный суд» терминдерінің қазақша баламалары ғана (Әлімбай, 2017: 397-399). Бұл терминдердің сырттан таңылған жасанды екендігін 1886 ж. 16 тамызда Семей мен Өскемен уездерінде қабылданған Ереженің қазақша нұсқасы да айғақтайды. Онда «народный суд» термині аудармасыз орыс тілінде берілгендігі сондықтан болса керек (Әлімбай, 2017: 398).

санымен салыстырғанда шағын екендігін аңғару қиын емес. Осы ретте ең алдымен Я.П. Гавердовский, Г. Спасский, Д.Я. Самоквасов, С.Б. Броневский, А.И. Левшин, Л.Ф. Баллюзек, Г. Загряжский, Л.А. Словохотов, А. Леонтьев, А. Крахалев, В.Д. Тронов, М. Готовицкий, Я.И. Гурлянд, Н.И. Гродеков, А.И. Добросмыслов, Н.И. Красовский, П.Е. Маковецкий (Гавердовский, 2007; Спасский, 1820; Самоквасов, 1876; Броневский, 1830; Левшин, 1832; Баллюзек, 1873; Загряжский, 1876; Словохотов, 1905; Леонтович, 1879; Крахалев, 1888; Тронов, 1891; Готовицкий, 1885; Гурлянд, 1904; Гродеков, 1889; Добросмыслов, 1904: 32-76; Красовский, 1868: 81-97; Маковецкий, 1886: 59-82) және тағы басқа да осы сынды зерттеушілердің еңбектерін ерекше атауға болады. Мұндағы мәліметтерді өзара салыстыра және тиісінше толықтыра отырып, билік жүргізудің процессуалдық механизмдері жөнінде біршама түсінік алуға болады. Авторлар дәстүрлі қазақы ортада «жан беру», «жанға ұстанған», «жан ұстанғанның тазасынан» деп аталатын ант берудің негізгі қазақы түрлерінің осы үрдістің атқарылу тәртібінде шешуші рөл атқаратынына назар аударады. Сонымен бірге олар мұндай антты міндетті түрде дауға түскен тараптардың әрқайсысы билердің келісімімен қарсы жақтан ант беретін тұлғаны таңдау құқығын пайдаланатын жайтын осы үрдістің ерекшелігі ретінде атап өтеді. Ант берген адамның келтірген дәлелдерінің ақиқат ретінде қабылданатынын зерттеушілер көшпелілердің аруақтарға деген риясыз наным-сенімдермен түсіндіреді. Бірақ билік жүргізудің субъектілері мен іс жүргізудің процессуалдық әдіс-тәсілдері мен нормалары арасындағы байланыстар өзара себеп-салдарлық және толықтыру принциптері тұрғысынан қарастырылмайды. Осы кезеңдегі авторлар еңбектерінің тарихнамалық сипатынан гөрі деректік маңызы әлдеқайда басым жататындығы сондықтан. Қарастырылып отырған кезеңде өзінің логикасы мен дәлелдеу жүйесі және қойылған мәселелердің өзектілігі тұрғысынан Ш.Ш. Уәлихановтың әйгілі «Записка о судебной реформе» атты саяси памфлет форматында жазылған мақаласы ерекше дараланады (Валиханов, 1985). Еңбектің концепциясы мен әртүрлі мәліметтерге сүйенген дәлелдеу жүйесі дәстүрлі қазақы ортада ежелден социумның үйлесімділігін қамтамасыз етудің ең басты әрі әлеуетті институционалдық факторы болып келген билік жүргізудің бұрынғы қалпын сақтауды негіздеуге саяды. Сонымен бірге мақала әдеттік құқықтың ұстанымдары мен процессуалдық механизмдерінің шамамен XIX ғ. 60-жылдарының соңына дейін әлі де болса өзінің ежелгі қауқарын біршама сақтағанын айғақтайтындай.

Келесі советтік тарихнамалық кезеңде мақалада сөз болып отырған тақырып арнайы зерттелмесе де, оның деректік негізі мен негіздемесін жасақтау ісінде үлкен қадам жасалды. Мысал ретінде 1948 жылы көрнекті ғалым, академик С.В. Юшковтың жалпы редакциясымен жарық көрген «Материалы по обычному праву казахов» атты жинақты ерекше атауға болады. Сондай-ақ әдеттік құқық ұстанымдарының жүзеге асырылуының процессуалдық тәртібі мен ретінің кейбір аспектілері (мысалы, қылмыстық іске байланысты) қарастырылған біраз зерттеулер жарық көрді. Олардың ішіндегі ең көрнектілері – С.Л. Фукстың «Очерки истории государства и права казахов в XVIII и первой половине XIX в.» атты зерттеу кітабы мен Т.М. Культелеевтің «Уголовное обычное

право казахов» деген көлемді монографиясы (Фукс, 1981; Фукс, 2008; Культелеев, 1955). Екі еңбек те тиісінше толықтырылып, тәуелсіздік жылдары қайтадан басылып шықты (Фукс, 1981; Фукс, 2008; Культелеев, 2004). Мұны олардың танымдық тағылымын еш уақытта жоғалтпайтындығымен түсіндіруге болады. Бұл еңбектерге ұсынылып отырған мақаладағы қаузалған мәселелер тұрғысынан келгенде, ғалымдардың қазақ билерінің институционалдық табиғатын және қылмыстық немесе тәртіп бұзушылықтың тиісті түрлеріне байланысты билік жүргізу үрдістеріндегі функциясын талдаумен шектелетіндігі байқалады.

Тәуелсіздік кезеңінде дәстүрлі қазақы ортадағы әдеттік құқық мәдениеті мен институттарын, соның ішінде ең алдымен билердің көшпелі социумдағы билік жүргізетін тұлғалар ғана емес, көрнекті рубасылары ретіндегі рөлін зерттеуге арналған әртүрлі форматтағы еңбектер көптеп жарық көрді. Бұлардың ішінде Н. Өсерұлының, З.Ж. Кенжалиевтің, Н.С. Ахметованың (Өсерұлы, 1994; 1995; Кенжалиев, 1997; Ахметова, 1997) зерттеулері өздерінің пайдаланылған материалдарының молдығымен де, дәлелдеу жүйесінің тиянақтылығымен де ерекшеленеді. Осы ретте, әсіресе 2004-2009 жылдар аралығында академик С.З. Зимановтың тікелей бастамасымен әрі ғылыми жетекшілігімен басылып шыққан «Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер» атты он томдық еңбек қазақтың әдеттік құқығы мен оның институттарын зерттеуге соны серпін бергендігін ерекше атап өткен жөн (Қазақтың ата заңдары..., 2004-2009). Осылайша аталмыш тақырыпқа біршама қатысты С.З. Зимановтың, А.И. Оразбаеваның, Г.Б. Ахметжанованың, Ж.С. Мажитованың, сондай-ақ шетелдік ғалым В. Мартиннің және тағы басқалардың да зерттеулері жарияланды (Зиманов, 2008; Оразбаева, 2004; Ахметжанова, 2010[4]; Мажитова, 2015; Мартин, 2012 және т.б.). Алайда осы және осы сынды басқа да еңбектерде қазақтың әдеттік құқық ұстанымдарын жүзеге асырудың процессуалдық механизмдері жүйелі қарастырылмайды. Бұл жайтты аталмыш зерттеулердің мақсат-мүддесінің және осыдан туындайтын мәселелердің тиісті бағыт-бағдары тұрғысынан түсіндіруге болады. Сондай-ақ қарастырылып отырған тақырыптың біраз мәселелері осы жолдар авторының энциклопедиялық форматта жазылған мақалаларында да қарастырылды (Әлімбай, 2017, 1-т.: 394-429; Әлімбай, 2017, 2-т.: 504-522).

## Талдау

***Әдеттік құқық ұстанымдарының кодификациялануы. «Жеті Жарғы» және оның кейбір нұсқалары.*** Қазақтың төлтума заңдар тарихын зерттейтін біраз ғалымдар «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолы» (немесе «Есім хан салған ескі жол») деген қазақ билері тарапынан ғана емес, ел арасында да жиі айтылатын (бәлкім, осы екі «Жолдың» қолданысын да білдіретін) белгілі фразеологизмдерді қазақтың әдеттік құқық нормаларының алғашқы кодификацияланған нұсқаларының атаулары ретінде бағамдайды. Бірақ мұндай көзқарас әзірше деректік дәйегі мүлдем жоқ болғандықтан

[4] Ахметжанова Г.Б., 2010. Институт присяги в системе казахского обычного права: автореф. дисс… д-ра юрид. наук. Астана. 44 с.

болжамдық деңгейде ғана қалып отыр. Солай болса да, бұл жинақтардың кезінде немесе кейінгі кезеңдерде қағазға ресми тіркелген нұсқалары әртүрлі себептерге байланысты жоғалып кетуі де бек мүмкін[5]. Сондай-ақ қағазға түскен нұсқаларының шет елдер архивтерінде белгісіз күйде жатулары да ықтимал. Қалай дегенмен де, ғылымда да, қазақтың тарихи аңыздарында да көп айтылатын екі «Жолдың» қазақ қоғамында ежелден қолданыста болған әдеттік құқықтың қағидаларының аталмыш екі ұлы ханның бастамасымен жүйеленген нұсқалары екендігін де эсте теріске шығаруға болмайды.

Сонымен қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасында пайдаланылған дәстүрлі қазақы ортадағы ежелден тараған тарихи аңыздардағы ақпаратқа қарағанда, Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» аталмыш екі «Жолдың» негізінде жасақталған (Левшин, Ч. 3: 170; Маковецкий, 1886: II; Гродеков, 1889: 24-25). Жоғарыда айтылғандардың қисыны тұрғысынан XIX ғ. 20-30 жылдары жарық көрген қазақ тарихы туралы көлемді екі еңбектегі төмендегі мәліметтер ерекше көңіл аударады. Біріншісі – Г. Спасскийдің 1820 жылы жарияланған зерттеуіндегі Тәуке хан үш жүздің: «...Төле, Қазыбек және Әйтеке сынды төбе билерімен қазақтардың арасындағы жанжалдарды талқылай келе, [қазақ билері] ертеден қолданып жүрген заңдарды жүйелеп бекітті...», – деген жолдар (Спасский, 1820: 129-130)[6]; екіншісі – А.И. Левшиннің 1832 жылы жарық көрген зерттеуіндегі: «...біздің әдеттік заңдарымыз Тәуке ханның заңдарынан («Жеті Жарғыдан») әлдеқайда көне...», – деген Ұлы және Орта жүз қазақтары тарапынан айтылған сөздер (Левшин, 1832, Ч. 3: 129; Словохотов, 1905: 42).

Күні бүгінге дейін ешбір зерттеуші еш уақытта көңіл бөлмеген осынау шын мәніндегі екі бірегей мәліметтің контекстісі «Жеті Жарғы» ғана емес, әрісі «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолы» да қазақ қоғамында билердің іс-тәжірибесінде ежелден қолданыста болған нормативтік қағидалардың негізінде жасақталғандығын білдіреді. Демек бұлар дәстүрлі қазақы ортада ертеден орныққан әдеттік құқық нормаларының әр кезеңдегі жинақтары болып табылады. Ал «Жарғы» – екі «Жолдың» фрагменттік сипатта болса да, құжатталып жеткен нұсқасы болса керек.

Тарихи кеңістік пен уақыттың тегеурінді ықпалымен үлкен өзгерістерге ұшырай қоймаған әр кезеңдегі әдеттік құқықтың негізгі нормативтік қағидалары мен оны жүзеге асыратын институттардың өзара ұқсас болуы заңды құбылыс. Өйткені түптеп келгенде, әдеттік құқық қағидаларының өзгеріссіз күйдегі дәстүрлі нормативтік күш-

---

[5] Осы мәселенің контекстісі тұрғысынан айрықша назар аударар бірер жайт – Сырдария облысының әскери губернаторы Н.И. Гродековтың әйгілі еңбегінде пайдаланылған деректер корпусының ішінде кезінде жоғалуы әбден мүмкін «сауатты қырғыздарда (қазақтарда. – авт.) сақталған көне қолжазбалар» да аталады (Гродеков, 1889: V).

[6] Бұл мәліметті және әдеттік құқықтың қағидалары жөніндегі материалды, Г. Спасскийдің айтуынша, 1804 ж. 8 сәуірде оған кіші жүз Жаппас руының старшыны (рубасы) Көбек Шүкірәлиев «татар» тілінде тапсырған (Спасский, 1820: 129–132). Осы ретте қарастырылып отырған кезеңде орыс шенеуніктер мен зерттеушілерінің арасында қазақ тілін «татар» тілі деп көрсету дәстүрі қалыптасқандығын атап өткен жөн. Оны Г. Спасскийдің төмендегі пікірі де айғақтайды: «Язык киргизский (казахский – авт.) есть истинный татарский...» (Спасский, 1820: 291; Әлімбай, 2017: 506). Сондай-ақ Г. Спасскийдің аталмыш еңбегіндегі «следующее известие старшины Яппаского рода..., представленное им на татарском языке 1804 г. апреля 8 дня» (Спасский, 1820: 129) деген жолдардың мән-мағынасына қарағанда, автордың Тәуке ханның Жарғысы туралы фрагментарлық материалы К. Шүкірәлиевтің «татарша» қағазға түсірген мәліметінің орысша баламасы ғана (Әлімбай, 2017: 506). Осы жайтқа байланысты аталған фрагментарлық материалды Жарғының Шүкірәлиев-Спасский нұсқасы деп қарастырған ләзім (Әлімбай, 2017: 50).

қуаты ғана көшпелілердің көзқарасы бойынша «ата-баба жолынан» еш ауытқымауға тиісті өздерінің әлеуметтік кеңістігі – социумның бұрыннан қалыптасқан тіршілік ритмін сақтауға мүмкіндік берді. Демек сан ғасырлар бойы қолданыста болған әдеттік құқықтың нормативтік қағидалар жинағы әрбір тарихи кезеңде әртүрлі аталғанымен, олардың ілкі мазмұны соншалықты өзгере қойған жоқ. Ал ежелден орныққан әдеттік-құқықтық дәстүрдің ұрпақ аралық-этникалық байланыс арқылы айтарлықтай өзгеріссіз беріліп отыруын «бидің билігі» институты және осы саладағы сан ғасырлық іс-тәжірибе қамтамасыз етті.

Негізгі нормативтік қағидалары ортақ «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» және Тәуке ханның «Жеті Жарғысын» жетік меңгеру ғана қазақ билеріне социумдағы кез келген даулы істің әділ де, оңтайлы шешімін шығарудың ең басты шарттарының бірі болды. Өйткені бұл заңдар жинақтары қазақ билерінің әдеттік-құқықтық іс-тәжірибесінің негізі һәм негіздемесі болды. Осы қисын тұрғысынан қазақтың әдеттік құқығын зерттеушілердің бірі Е.Л. Словохотовтың еңбегіндегі Тәуке ханның заңдары «Кіші орда[7] (жүз) қазақтарындағы халықтық соттың негізін құрайды», – деген сөздер осы жайтқа байланысты айтылғанына еш күмән тумаса керек (Словохотов, 1905: 42-43). Бірақ осы тұста «Жеті Жарғының» (әлбетте «Екі Жолдың» да) қағидалары Ұлы жүз бен Орта жүз билерінің де қолданысында болғандығын ерекше атап өткен жөн. Мұны кезінде өзі де ұлық би болған Абайдың төмендегі әйгілі сөздері айғақтайды: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде [би болуға] әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті Жарғысын» білмек керек» (Абай, 1995: 162). Шынтуайтында әдеттік қағида-нормалардың дені билердің іс-тәжірибесінде, тіпті орыстың отаршылдық тәртібінің Қазақ даласында түбегейлі орнығу кезеңінде де қолданыс үстінде болды. Мұны қазақ қоғамының отаршылдық дәуірдің тегеурінді талабына бейімделу стратегиясы ретінде бағамдаған жөн.

Сонымен «Жарғы» бір ғасырға жуық кешеуілдеп барып әртүрлі басылымдарда жарияланғанына байланысты ғылыми ортада қазақтың әдеттік құқығы нормаларының бірден-бір кодификацияланған жинағы ретінде қарастырылады. Жарғының басты идеялық ұйытқысы әрі ұйымдастырушысы әйгілі әз Тәуке хан (1698-1715 жж.) болды. Әртүрлі тарихи хроникалық ақпарат бойынша хан Төле би (1663-1756 жж.), Қазыбек би (1667-1763 жж.) және Әйтеке би (1644-1700 жж.) сынды үш жүздің төбе билерімен бірге сол кезде дәстүрлі қазақы ортада ежелден қолданыс үстінде болған аталмыш нормаларды жүйелеп, кодификациялау ісіне де белсене қатысқан сыңайлы (Гавердовский, 2007: 388-389; Спасский, 1820: 129-130 ; Левшин, 1832, Ч. 3: 170; Маковецкий, 1886: II; Словохотов, 1905: 42-44; Гурлянд, 1904: 108; Апполова, 1948: 170-178; Кляшторный, 1992: 315-324; Султанов, 2001: 226-227, 230-233; Әлімбай, 2017: 519-522). Ғылыми әдебиетте Жарғының Ресей зерттеушілері Г. Спасский (Спасский, 1820: 129-140) және А.И. Левшиннің (Левшин, 1832, Ч. 3: 170-178) жарияланымдарындағы екі нұсқасы ғана аталады (Султанов, 2001: 233-247). Алайда XVIII ғасырдың аяқ шені – XIX ғасырдың басынан бергі кезеңдегі басқа да Ресей зерттеушілерінің еңбектерінде берілген Жарғының тағы бірнеше нұсқалары

[7] Қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасында «орда» термині дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққан жүз ұғымының орнына қолданылды (Левшин, 1832, Ч. 2: 65).

кездеседі (Гродеков, 1889; Маковецкий, 1886; Словохотов, 1905; Гавердовский, 2007; Шангин, 2005; Самоквасов, 1876; Броневский, 1830; Материалы по казахскому обычному праву, 1948: 117-158; Баллюзек, 1873; Загряжский, 1876; Изразцов, 1897, № 3; Изразцов, 1897, № 4; Леонтьев, 1890; Красовский, 1868; Козлов, 1948; Готовицкий, 1885; Крахалев, 1888 және т.б.). Рас, бұлардың біразы, әсіресе XIX ғ. 80 жылдарынан бастап жарық көргендері – орыс шенеуніктерінің тікелей араласуымен империяның заңдарына сәйкестендіріліп, әжептәуір «жетілдірілген» нұсқалар.

Қазіргі кезеңде аталған және басқа нұсқалардан бөлек Жарғының қазақ билері арқылы жеткен бірнеше мәтіндері жарияланып отыр (Байжанов, 2005: 243-244, 368-370; Әлімбай, 2017: 511-517). Бұлардың ішінде ең көрнектісі – әйгілі Саққұлақ бидің (1800-1888 ж.) ұлы Ералы биге (1846-1932) ауызекі жолмен жеткен әдеттік құқық заңдары (Саққұлақұлы, 2005: 145-152). Біздің топшылауымызша, әкесінің айтқанын еш өзгеріссіз қағазға түсірген Ералы бидің өзі болса керек. Осы заңдар жинағы мен «Жарғыдағы» (және соңғысының «жүздік» (өңірлік) нұсқаларындағы) негізгі нормативтік қағидалардың арасында айтарлықтай айырмашылықтардың жоқ екендігіне көз жеткізу әсте қиын емес (Саққұлақұлы, 2005: 145-152; Әлімбай, 2017: 504-517). Сондай-ақ қолжазбаның «Жарғының» (бәлкім, екі «Жолдың» да) нұсқасы екендігін дәйектейтін көрнекі жайт ретінде оның «үкім» деп аталатын IV-бабының мәтіні «...Жеті Жарғының заңдары төмендегідей деген ұйғарымға келдік», – деген сөздермен басталатынын айтуға болады (Саққұлақұлы, 2005: 147). Рас, қолжазба «Есім ханның ескі жолы» деп аталады. Бұл жайтты, бір жағынан, аталмыш екі «Жол» мен «Жарғының» нормативтік қағидаларының ортақ екендігімен түсіндіруге болады. Екінші жағынан, Саққұлақ бидің ұлы ханға деген өзінің де, халықтың да құрметін білдіргені ретінде қарастырған жөн. Сонымен бірге 118 баптан тұратын осы қолжазбаның мәтінін және әдеттік құқықтың басқа материалдарын олардың әр бабының қолданыс аясы тұрғысынан өзара салыстыра талдау жүргізгенде, біріншісінің еш өзгеріске ұшырамағанын аңғаруға болады. Демек, Саққұлақ бидің осы заңдар жинағын Тәуке ханның «Жеті Жарғысының» әзірше бірден-бір толық нұсқасы ретінде қарастыруға болатындай.

***Билер институты.*** Көшпелілер қоғамында «ата-баба жолына» кереғар деп есептелінген тәртіп бұзушылықтардың сан алуан түрлерінен бастап, «жесір дауы, жер дауы», ұрлық-қарлық, кісі тонау, кісі өлтіру, әйел зорлау және т.б. сияқты ауыр қылмыстардың күллісі «жаман іс» деп аталатын (Гродеков, 1889: 141; Загряжский, 1876: 162). «Жаман істің» кез келгеніне тергеу ұйымдастыратын, әрі тиісті үкім-кесім шығарып, оның орындалуын қадағалайтын бірден-бір тұлға би болды.

Билердің билік жүргізу[8] іс-тәжірибесінде биді міндетті түрде дауға түскен тараптар таңдайтын. Сондықтан да халық жүгінетін би ел-жұрт арасында ең алдымен халықтың ежелден орныққан әдеттік құқық дәстүрін мейлінше жетік игергендігімен, «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» принципін қатаң ұстанған әділдігімен және асқан ұйымдастырушылық қабілетімен беделі жүрген аса тәжірибелі тұлға болды. Сондай-ақ елдің таңдауы түсетін бидің халықтың сан алуан салтын, ғұрпын, жосын-

[8] «Билік жүргізу» – билердің даулы істі тергеп, кінәлі немесе қылмысты деп танылған адамға (адамдарға) үкім кесім шығару үрдісін білдіретін әдет-құқықтық іс-тәжірибесіндегі ежелден орныққан төлтума ұғым. Оның орыс тіліндегі мағыналық эквиваленті – «судопроизводство».

жоралғыларын, әлбетте тарихын жетік білуі, яғни біліктілігі және сөзге ұста шешендігі де ерекше бағаланды. Сөйтіп, бүкілхалықтық таңдау деп аталатын мейлінше объективті әрі қауқарлы сұрыптау механизмінен сүрінбей өтіп, үлкен абырой жинаған тұлға ғана би деген мәртебеге ие бола алды (Словохотов, 1905: 74-83; Баллюзек, 1873: 46-47; Загряжский, 1876: 193; Добросмыслов, 1904: 32-33; Валиханов, 1985: 87-88).

Сонымен бірге дәстүрлі қазақы ортада ата-бабаларынан бастап би болып келген әулеттер де аз болған жоқ (Валиханов, 1985: 87). Көрнекі мысал ретінде билер әулетінен тараған орта жүздің әйгілі төбе биі Қазыбек биді және ел-жұрт арасында біліктілігімен де, адалдылығымен де беделі жүрген Саққұлақ биді (1800-1888 ж.) айтуға болады. Мұндай билер әулеті қазақы ортада «шынжырқатары үзілмеген үрім-бұтақ» деп аталатын (Загряжский, 1876: 191, 192, 193; Әлімбай, 2017: 408). Мұндай әулеттердің биден үміткер балалары билік жүргізетін әкелерінің үлкен мектебінен өтетін. Ал жеткіншектердің шаршы топқа түсіп, айырықша қасиеттерімен дараланғандарын бала би деп те атайтын. Бірақ олардың әрқайсысы бәрібір жоғарыда аталған бүкілхалықтық таңдау – сұрыптау механизмінен сүрінбей өткенде ғана би атануға мүмкіндік алды. Дауға түскен тараптар таңдаған би төбе би деген мәртебеге ие болды. Бірақ бұл мәртебенің құқықтық күші бір ғана билік жүргізудің ауқымымен шектелді. Төбе биді бас би, алқа би немесе төбебасы деп те атай беретін (Леонтьев, 1890: 122, 126; Қазақтың этнографиялық категориялар..., 2017: 660-671). Төбе бидің қалауымен іс жүргізетін билер ара билер деген құқықтық міндетті атқаруға тиіс болды. Осылайша билік және басқару қатынастар жүйесінде билер социумның барлық салалары мен деңгейлерінің ғасырлар бойы орныққан өзара үйлесімділігін қамтамасыз еткен ең басты әлеуетті институт ретінде қалыптасты. Күнделікті тіршілікте билердің институционалдық мәртебесін айғақтайтын арнайы атау да, атақ та да болған жоқ. Бірақ олар қоғамдағы әлеуметтік жүйелердің таксономиялық деңгейлеріне сәйкес шамамен екі-үш атадан тараған отбасылардан тұратын ауыл, төртінші-бесінші атадан бірігетін үлкен ауыл, жетіаталық экзогамиялық бірлестік – ру, бірнеше аталас рулар бірлестігі – тайпа, жүз билері деген бүкіл халық мойындаған институционалдық категорияларға жіктелінгендігі аңғарылады (Леонтьев, 1890: 118-119).

XVI-XVII ғ. шендескен тұсында қазақ қоғамындағы ұлыстық жүйенің жүздік жүйеге ұласуына байланысты билердің социумдағы орны мен рөлі ерекше жоғарылай түсті. Тіпті жүз билерінің үлкен бедел жинап, төбе би мәртебесін алғандары үш жүздің билеушілері деңгейіне дейін көтерілді (Султанов, 1982: 84-85). Мысал ретінде Тәуке ханның тұсында «Ұлы жүзге Төле би, Орта жүзге Қазыбек би, Кіші жүзге Әйтеке би сынды төбе би мәртебесін иеленген тұлғалар хан жарлығымен басшылыққа тағайындалғанын» айтуға болады (Левшин, 1832, Ч. 2: 64-65; Султанов, 1982: 84). Демек осы кезеңде қазақ қоғамында төбе би институты қалыптасқан сыңайлы. Сонымен бірге сан алуан ішкі және сыртқы факторлардың әсеріне байланысты социумның біртұтастығын қамтамасыз ету мақсатында үш жүздің деңгейінде төрелік жүргізетін ұлы би институты да пайда болды. Деректанушы И.В. Ерофееваның мәліметіне қарағанда, Төле би осындай институционалдық мәртебеге ие болған (Ерофеева, 1996: 487). Осы кезеңде билер институтының күшейгендігінің тағы бір көрнекі айғағы ретінде осы бидің шамамен XVIII ғ. 40-жылдары Ташкент қаласын басқарғандығын да айтуға болады (Левшин, 1832,

Ч. 2: 80-82; Добросмыслов, 1912: 22). Алайда жоғарыда аталған үш жүздің әйгілі төбе билерінен кейінгі заманда жүз билерінің институционалдық әлеуеті күрт төмендегені байқалады. Тіпті осы кезеңде жүз билері көшпелі ортада құқықтық іс жүргізудегі өзінің ежелгі жетекші функциясынан айырылған сыңайлы. Қазақтың құқықтық мәдениетін көрнекті зерттеушілердің бірі А. Леонтьевтің шамамен XIX ғ. 20-жылдары Тіленші би Орта жүздің соңғы бии болды деген сөздері осы жайтқа байланысты айтылса керек (Леонтьев, 1890: 119). Мұны аталмыш кезеңде қазақ қоғамының әлеуметтік жүйесіндегі жүздік құрылымның бастапқы институционалдық қауқарының мүлдем әлсірегендігімен түсіндіруге болады. Сондай-ақ ерекше беделді билердің рубасы міндетін де қатар атқарғандықтары сирек жайт емес еді (Леонтьев, 1890: 118). Ал жаугершілік заманда әскербасы, қолбасшы болғандар қабырғалы билер деп аталатын (Қазақтың этнографиялық категориялар.., 2017: 670).

***Билік жүргізуге дайындық.*** Билік жүргізудің алдында қарсы тараптар ең алдымен даулы істің екі жаққа да оңтайлы әділ шешімін таба білетін тәжірибелі әрі беделді биді таңдауға кірісетін. Мұндай таңдау әдетте үлкен тәжірибе жинақтаған ұлғайған жастағы биге түсетін (Словохотов, 1905: 76; Красовский, 1868: 78). Деректерге қарағанда, даулы істің, әсіресе руаралық қақтығысқа апарған «жесір дауы, жер дауы», кісі өлтіру, қарақшылық, өріс бұзу және т.б. сияқты дәстүрлі қазақы ортада ауыр қылмыс болып есептелген істердің тиімді үкім-кесімін шығаруға байланысты мұндай таңдаудың әжептәуір уақытқа созылатындығы сирек жайт емес еді.

Төбе би таңдаудың алдында дауға түскендерді ымыраға келуге шақыратын дәстүр орындалатын (Баллюзек, 1873: 50). Мұндайда дауласушы тараптарға бейтарап үшінші рудың ең беделді деген ақсақалдары, билері, батырлары ара ағайындыққа, даулы іс өршіген жағдайда, тіпті, сый ағайындыққа жүретін (Әлімбай, 2017: 409). Бұлар қарсы тараптарды татулыққа шақыратын. Бұл жосын береке-бірлікке (бітімге, пәтуаға) келу деп аталады. Аталмыш бітімгерлер дауға түскендерді «төреге барып, төбеге шықпайық» десіп, даулы істің жәбірленуші тарапынан болған шығынды өтеуді жауапкер руының беделді адамдарынан сұрайтын (Баллюзек, 1873: 50; Әлімбай, 2017: 409). Ал жәбір көрген тарапқа қарсы жақтың кінәсін кешіруді өтінетін. Осындайда дәстүрлі қазақы орта үшін ең қисынды уәждердің бірі «керегеміз ағаш, тегіміз Алаштан тараған қазақ баласымыз» деген шежірелік дәстүрмен негізделген туыстық қатынастың ең іргелі принципі алға тартылатын (Әлімбай, 2017: 409). Алайда, бұл жосын көші-қон тонау, әйел затын зорлау, ауылды тонау, бір рудың мал-мүлкін шауып, алып кету, кісі өлтіру сияқты қылмыстардың субъектілеріне жүрмеді (Әлімбай, 2017: 409). Демек дауласушы тараптарды бітімге шақырып отыру билік жүргізудің де ең басты құқықтық функцияларының бірі болды. Егер, билік жүргізудің қарсаңында және осы үрдістің басында дауға түскен тараптарды ымыраға келтірудің барлық амалдары нәтиже бермесе, төбе би жиналғандарға даулы істің мән-жайын түсіндіріп, ара билермен бірге әлгі істі сараптап, тиісті үкім-кесім шығару үрдісіне кірісетін (Баллюзек, 1873: 50; Әлімбай, 2017: 410). Осы тұста пысықтауды қажет ететін жайт – ауыл ішінде немесе ауыл арасындағы тұрғындардың арасындағы ұрыс-керіс, ұсақ-түйек ұрлық, бөтен бұйымды (бұйымдарды) бүлдіру және осы құралыптас тұрмыстық деңгейдегі басқа да «жаман істерді» ауыл биінің өзі-ақ қарастырып, тиісті шешімін шығара беретін (Словохотов, 1905: 46-47).

***Ұйымдық түрлері.*** Әртүрлі тарихи, этнографиялық және фольклорлық деректер қазақ социумында билік жүргізудің жүгініс және билер кеңесі деп аталатын негізгі екі ұйымдық түрі болғандығын көрсетеді (Словохотов, 1905: 77-78; Красовский, 1868: 85-87). Сонымен бірге XIX ғ. 20-жылдарының алғашқы жартысы – Қазақ өлкесінде хандық биліктің жойылуына дейінгі кезеңде хандардың да билік жүргізу функциясы болды (Словохотов, 1905: 67-68; Гурлянд, 1904: 111-112). Әдеттік құқықтың іс-тәжірибесінде «төрелік айту» немесе «төрелік жүргізу» деп аталатын бұл функция көбінесе қазақ хандарының ұжымдық басқару аппараты іспеттес *хан кеңесі* арқылы жүзеге асырылып отырды (Баллюзек, 1873: 163; Добросмыслов, 1904: 17-19; Словохотов, 1905: 67-68; Зиманов, 1960: 107-125; Әлімбай, 2017: 405 және т.б.). Демек бүкіл елдің игі жақсыларының аса көрнекті өкілдері – билері, ақсақалдары, батырлары, сұлтандары бас қосатын «хан кеңесі» қоғамда берекесіздік, іріткі туғызуы әбден мүмкін әртүрлі ірі қылмыстық істерді сараптап, тиісті үкім-кесім қабылдайтын құқықтық функция да атқарды.

Хан билігінің көшпелілердің қоғамдық өміріндегі атқарған өзіндік рөлі мен маңызын ескергендіктен болар, Ресей империясы әкімшілігі 1806 ж. Кіші жүз қазақтары хандарына билік жүргізу, яғни, соттың құзырын берді. Ал 1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы Жарғыға» сәйкес Қазақ өлкесінде хандық басқару жүйесінің жойылуына байланысты дәл осындай билік жүргізу құзыреті 1824 ж. бастап жаңадан қалыптасқан институт – сұлтан-правительдерге берілді (Словохотов, 1905: 67-68; Әлімбай, 2017: 406). Алайда қазақ жұртын сес қатырмай отарлаудың саяси экспериментін жүргізетін объектіге айналдырып жіберген Ресей империясының бұл әрекеті сәтсіз болып шықты (Әлімбай, 2017: 406). Өйткені патша әкімшілігі Қазақ хандығы дәуіріндегі хан билігі мен құқықтық институттар арасында сан ғасырдан бері орныққан иерархиялық үйлесімділікті елемеді. Яғни отаршылдық жағдайда орыс әкімшілігі тарапынан тағайындалған хандардың, кейінірек сұлтан-правительдердің қолдан жасалған соттық құзыреті дәстүрлі қазақы ортада ежелден жалғасып келе жатқан билік жүргізу институтының алдында мүлдем қауқарсыз екендігін парықтай алмады. Өйткені ежелгі дәстүр бойынша, қазақ қоғамындағы қылмыстың денін және тәртіп бұзушылықтың барлық түрін әдеттік құқықтың ұстанымдарына сәйкес таразылап, нәтижесінде анықталған айыптылардың тиісті үкім-кесімін билер ғана шығаратын. «Мұнан егер де хан мен би екі бөлініп, таразының екі басына түсе қалса, ел ниеті қашан да би жағына отыратындығы көрінеді», – деген өзінің мағыналы пікірін Қ.И. Сәтбаев осы жайтқа байланысты айтса керек (Сәтбаев, 1989: 357; Әлімбай, 2017: 406). Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – әдеттік құқықтың ұстанымдарын жүзеге асыратын процессуалдық үрдістің дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққан *жүгініс* және *билер кеңесі* деп аталған екі ұйымдық формасы болды. Бұл институтттардың көшпелілердің институционалдық қатынасы жүйесінде XIX ғ. 60-шы, кейбір өңірлерде 70-жылдардың бас кезеңіне дейін сақталып келгендігін сол кезеңдегі осы жайттың тарихи контекстімен – қазақ социумының әлі де болса қауқарлы күйде болғандығымен негіздеуге болады (Валиханов, 1985: 89; Леонтьев, 1890: 115-116). Деректер жүгіністің құқықтық құзырының ру-қауым (жетіата) ішінде де, руаралық деңгейде де жүргендігін, ал билер кеңесінің руаралық және жүзаралық (яғни, бүкіл этностық) институционалдық қатынас жүйесінің ең негізгі құқықтық институты ретінде функция атқарғандығын айғақтайды. Сондай-ақ билер кеңесі ауыр қылмыс

деп есептелген іске байланысты ру-қауым ауқымында да тиісті билік жүргізіп отырды. Демек жүгініс ру-қауымдағы қатынас жүйесінде де, руаралық байланыс саласында да билік функциясын жүргізді. Ал билер кеңесі ру-қауым, руаралық, жүзаралық сынды үш деңгейде құқықтық функция атқарып отырды (Әлімбай, 2017: 406). Сан алуан мәліметтер, тіпті, жүздердің арасындағы күрделі деген даулы мәселенің өзін осы жүздердің тиісті руларының өзара келісімі бойынша ұйымдастырылған билер кеңесі ғана шешіп отырғандығын айғақтайды. Қарастырылып отырған руаралық даулы істің неғұрлым тиімді үкім-кесімін шығару мақсатында үш жүздің төбе билері өзара келісіп, арасынан әлгі істің мән-жайына қанық биді төбебасы сайлап алатын (Әлімбай, 2017: 406). Мұндай деңгейдегі билер кеңесінің діттеген мақсат-мүддесі әлгі руаралық дау-дамайдың тиімді құқықтық шешімін табу арқылы ел-жұрттың бірлігін қамтамасыз ету еді. Жүгініс пен билер кеңесі институттарының арасындағы құрылымдық және функционалдық айырмашылықтары төмендегідей: билер кеңесінің объектісі кісі өлтіру, ел тонау, қарақшылық, ірі ұрлық-қарлық, жесір дауы, жер дауы, көші-қон тонау сияқты қылмыстық істерден тұрды (Баллюзек, 1873: 134; Красовский, 1868: 85; Әлімбай, 2017: 407). Ал жүгіністің функциясы жазаның айып деп аталатын түрлеріне кесілетін даулы істерді реттеуге бағытталды (Красовский, 1868: 85; Әлімбай, 2017: 407). Жүгіністің құрамындағы билердің саны билер кеңесіне қарағанда біршама шектеулі болды. Орыс отаршылдығының қазақы ортаға әсері соншалықты дендей қоймаған кезеңде жүгіністің құрамындағы билердің саны даугердің қалауымен, жауапкердің келісімімен таңдалған бас биді есептемегенде, 6-ға дейін жеткен болатын (Словохотов, 1905: 77; Самоквасов, 1876: 247; Броневский, 1830: 144; Красовский, 1868: 85; Әлімбай, 2017: 407). Ал билер кеңесінің құрамы 8-24 биден тұратын (Словохотов, 1905: 77; Красовский, 1868: 85; Әлімбай, 2017: 407). Жүгіністің де, билер кеңесінің де ұйымдастырылуы ең алдымен даугердің негізгі биді таңдауына және мұндай таңдау міндетті түрде қарсы жақтың – жауапкердің келісіміне негізделді. Осындай жолмен төбе би мәртебесін иеленген би тағы да даугер мен жауапкердің өзара келісімімен осы тараптардың әр жағынан беделді деген билерді билік жүргізуге шақыратын. Бұл ретте ескерер бір гәп – даугер мен жауапкердің билерге толық сенуі билік жүргізудің тиімділігінің басты шарттарының бірі болды. Осыған байланысты дауға түскендер оның алдына ертеден орныққан «қамшы тастау» дәстүрін орындайтын. Бұл жанжалдасқан тараптардың төбе бидің билік жүргізу құзырын алдын-ала символдық тілмен сөзсіз мойындағандарын білдіреді (Гродеков, 1889: 170; Словохотов, 1905: 76-78; Баллюзек, 1873: 48; Козлов, 1948: 229; Әлімбай, 2017: 407-408). Дегенмен әлгі үкім-кесімнің әділдігін жәбірленуші мен жәбірлеуші ғана емес, осы үрдісті «сырт көз» болып, жіті бақылап отыратын ел-жұрттың да даусыз мойындаулары қажет еді. Сондықтан да дауласушыларды ымыраластырудың бірден-бір жолы билік жүргізудің әділетті шешімі болғаны сөзсіз. Билік жүргізу барысында «береке-бітімге шақыру», «жар болу», «қарындас болу», «салауат айту» сынды ең алдымен екі рудың арасындағы ушыққан істі де бітістіруге бағытталған этикалық мәнді тәсілдер, шынтуайтында, аталмыш даулы істерді шешудің құқықтық механизмінің шынайы әдет-ғұрыптық табиғатын да, ерекшелігін де көрсетеді (Әлімбай, 2017: 409).

***Билік жүргізудің атқарылу реті. Әдет-құқықтық қатынас.*** Қазан төңкерісіне дейінгі әртүрлі тарихи мәліметтер билік жүргізу үрдісі дауға түскен тараптардың

а) өзара айтысы; ә) олардың әрқайсысының өздерін кінәсіз екендігін дәлелдеу; б) билердің тиісті өкім-кесім шығару сынды үш кезеңнен тұрғандығын көрсетеді (Леонтьев, 1890: 130-138). Билік жүргізудің ежелден орныққан дәстүріне сәйкес, ең алдымен жәбірленушіге сөз берілетін (Словохотов, 1905: 87; Баллюзек, 1873: 51; Әлімбай, 2017: 410). Ол өзінің көрген зәбірін, зорлық-зомбылығын және жауапкер тарапынан келген шығынның мөлшерін егжей-тегжейлі баяндап, дәйек ретінде куәлерін алға тартатын. Одан кейін төбе бидің пәрменімен сөз алған жауапкер де өз дәлелдемелерін келтіріп, бірге келген куәлерінің көрген-білгендеріне жүгінетін (Словохотов, 1905: 87; Әлімбай, 2017: 410). Сан алуан деректер тараптардың әрқайсысының айтқандарын билер де, қоршаған жұртшылық та бөлмей мұқият тыңдағандарын ерекше атап өтеді (Словохотов, 1905: 87; Әлімбай, 2017: 410). Соңынан екі дауласушы жақтың айтар уәжі аяқталғаннан кейін олардың әрқайсысы және куәлікке жүргендер алдымен билердің сұрағына алынатын. Сонымен бірге жиналған жұртшылықтың жәбір көруші мен жауапкерге, әсіресе, олардың әрқайсының куәлеріне беретін сұрақтары ерекше мол болды (Словохотов, 1905: 88; Әлімбай, 2017: 410). Қарсы сұрақ деп аталатын бұл сұрақтың мән-мақсаты даулы істің ақиқатын айғақтау еді. Әлбетте, тараптарға сұрақ төбе бидің рұқсатымен ғана беріліп отырды (Әлімбай, 2017: 410). Сөзден жаңылып, келтірілген айғақтары дәлелді болмаған жәбірленуші жеңіліс тауып жататын (Словохотов, 1905: 88-89; Әлімбай, 2017: 410).

Билік жүргізу үрдісінде ант беру әдеті шешуші рөл атқарды. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс ғалымдарының «жан беру» үрдісін билік жүргізудің ең басты қозғаушы күші деп атауы осы жайтқа байланысты болса керек (Словохотов, 1905: 98-99). Ант беруді дәстүрлі билік жүргізу терминологиясы бойынша «жан беру», ал ант берушіні «жанға ұстанған» деп атады (Словохотов, 1905: 90, 95; Баллюзек, 1873: 64-67; Загряжский, 1876: 199; Готовицкий, 1885: 190; Әлімбай, 2017: 410). «Жан беру» ант берушінің өз арын кепілге салуын, ал «жанға ұстанған» арын кепілге ұстанған кісі дегенді білдіреді (Әлімбай, 2017: 410). «Жан беру» жосынын дауға түскендердің куәлері атқарды. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектерінде «жан беру» дәлелдеу және тазарту (*доказательная* немесе *подтвердительная присяга и очистительная присяга*) деп жіктелді (Словохотов, 1905: 95, 98-99; Баллюзек, 1873: 51, 53, 64-67; Леонтьев, 1890: 132; Готовницкий, 1885: 190-191; Крахалев, 1888: 26; Әлімбай, 2017: 410). Осы ретте ерекше нақтылауды қажет ететін гәп – даулы істің көз көрген болып есептелген куәгерлерінің басқа рудың немесе бірнеше рулардың өкілдері болуы да сирек кездескен құбылыс емес еді (Леонтьев, 1890: 132; Әлімбай, 2017: 410). Сонымен бірге билік жүргізудің дәстүрлі жөн-жосығына сәйкес төмендегідей жайт мұқият ескеріліп отырды (Әлімбай, 2017: 410):

– сұлтан мен қожа сынды әлеуметтік категория өкілдерінің куәліктері жан беру рәсімінсіз-ақ шынайы айғақ ретінде қабылданды;

– билер, ақсақалдар мен ел-жұрттың арасында аса беделді көрнекті тұлғалардың да куәліктері дәлелді қажет етпейтін айғақ болып есептелді;

– қараша адамдар қатарынан куәлікке жүргендердің арасынан біреуі ғана куәгер бола алды. Бірақ, оның берген куәлігінің ақиқатына билер мен жиналған жұртшылықты кәміл сендіру үшін әлгі куәгердің жақын бір туысы міндетті түрде «жан беру» рәсімін атқаруы тиіс болды (Әлімбай, 2017: 410-411).

Әдетте тараптардың уәждерінің растығын немесе жалғандығын дәйектеу мақсатында даулы іске куәлікке тартылатындардың саны екі адамнан аспайтын (Материалы по казахскому обычному праву…, 1948: 155). Алайда әйел зорлау немесе зинақорлық жасау, сондай-ақ кісі өлтіру сияқты дәстүрлі қазақы ортада ауыр қылмыс болып есептелген күрделі істерге байланысты билер кеңесінің ұйғарымы бойынша оған тартылатын куәлер саны төрттен кем болмауға тиіс болды (Материалы по казахскому обычному праву…, 1948: 155; Загряжский, 1876: 199; Әлімбай, 2017: 411). Жәбірленушінің билер мен жұртшылық тарапынан қалың сұрақтың астында қалып, көп жағдайда тығырыққа тап болатындығы сирек жайт емес еді (Словохотов, 1905: 88). Мұндайда жәбірленуші өзінің жақын туыстарының бірін жан беруге тағайындауға билерге өтініш жасайтын (Словохотов, 1905: 95, 97; Әлімбай, 2017: 411). Бұл жан берудің дәлелдеу немесе құптау түрі болып табылады (Әлімбай, 2017: 411). Алайда осы ретте жәбірленушінің тарапынан келтірілген дәлелдемелер билер мен жұртшылыққа дәйексіздеу немесе мүлдем негізсіз көрінсе, ол жауапкер тарапынан да жан беруді талап ететін (Словохотов, 1905: 48, 95; Баллюзек, 1873: 56; Загряжский, 1876: 199-200; Готовицкий, 1885: 190-191; Крахалев, 1888: 26; Әлімбай, 2017: 411). Бұл дәстүр билерден «теңдік сұрау» деп аталатын (Баллюзек, 1873: 56; Әлімбай, 2017: 411). «Жан берудің» бұл түрі «тазарту» антына жатады. Өте-мөте шиеленісті дау-дамайда осындай жан берушіні жәбірленушінің куәлері арасынан таңдау мүмкіндігі жауапкерге де беріліп отырылды. Мұндай куәлер де міндетті түрде жәбірленушінің жақын туыстары болуға тиіс. Осы ретте билер және жиналған жұртшылық жан беретіндердің, яғни, жанға ұстанғандардың тазалығына ерекше мән бергендігін атап өту қажет. Ата-баба жолының ұстанымдарына сәйкес жан беруге тек ел арасында таза әрі беделді, яғни қазақы орта «дұрыс адам» деп аталғандарға ғана рұқсат етілетін (Словохотов, 1905: 48, 95; Леонтьев, 1890: 135; Әлімбай, 2017: 411). Алайда әйел адамдарды, кәмелет жасқа, яғни 13-ке толмағандарды (жоғарыда аталған және басқа да орыс зерттеушілерінің еңбектерінде қазақы ортадағы кәмелеттік жастың мөлшері 14 немесе 15 жас деп те көрсетілген), бөтен жұрттың өкілдерін, ақыл-есі кемтарларды және үй қызметшілері мен жалшыларды жан беруге дәстүр қоспады (Левшин, 1832, Ч. 3: 176; Словохотов, 1905: 92; Загряжский, 1876: 198; Әлімбай, 2017: 411). Әдеттік құқықтың іс-тәжірибесінде «жанға ұстанған» адамның тарапынан «жан берудің» төмендегідей түрлері қолданылатын; а) ата-бабаның аруағы атымен ант ішу; ә) қылыштың жүзін (мылтықтың ұңғысын) сүю; б) ата-бабасының моласын үнсіз үш рет айналып өту; в) үйдің ішінде шымылдықпен арнайы қоршалған тұста ақырет киімін кию; г) төбесіне тас қойып, ант беру және т.б. (Словохотов, 1905: 97-98; Баллюзек, 1873: 66-67; Саққұлақұлы, 2005: 151; Готовицкий, 1885: 192; Әлімбай, 2017: 411). Кейін исламның қазақ тіршілігінде дендеп орнығa бастауына байланысты Құранмен де жан беру рәсімі қалыптасты (Баллюзек, 1873: 67; Загряжский, 1876: 200).

Әлбетте, билердің құзырындағы жан берудің тиісті түрін таңдау қарастырылып отырған қылмыстың сипатына тығыз байланысты болғандығын ерекше атап өткен жөн. «Жан беру» ант беруші үшін моральдық-психологиялық тұрғыдан мейлінше ауыр жосын болды. Өйткені, бұл көшпелі ортада қалыптасқан дүниенің жаратылысы туралы концепцияға сәйкес «жанға ұстанғандар» «жан беру» жосыны кезінде әруақтар мен Құдайдың сынағынан өтеді. Олардың куәлігі жалған болса, өздері де, отбасы да

міндетті түрде аруақтар мен құдайдың кәріне ілігіп, бәле-жалаға ұшырайды. Осындай наным-сенімнің тегеуірінді ықпалындағы жан берушілер жалған куәлікке жүрмейтін.

«Жанға ұстанғандарға» билердің шешімі бойынша «жан беру» үшін әжептәуір уақыт та белгіленетін (Баллюзек, 1873: 65). Олар берілген уақытты істің ақиқатын анықтау мақсатында қажетті мәліметтер жинайтын (Словохотов, 1905: 96; Загряжский, 1876: 200; Готовицкий, 1885: 189-190; Крахалев, 1888: 25-26). Мұндай мәліметтерді өз руластарының арасынан іздестіру осы құқықтық салттың бірден-бір ерекшелігі болып табылады. «Жан берудің» түрлері шарттарының қай-қайсысы болсын Құдайдың құдіретіне сөзсіз мойынсұнған, аруақтарға риясыз табынып өскен көшпелі этномәдени ортаның адамы үшін айырықша ауыр сын болды. «Жан беру» шарттарының бар моральдық-психологиялық ауыртпалығы мен жамандыққа апаруы кәдік салдарын сезінгендіктен, жанға ұстанған кісі өзі куәлендіруі тиіс дауға түскен адамның әлдебір қараулығын сезіп қалса немесе оның ісінің ақ-қарасына көз жетпесе, ант беруден «жан садаға» деп аталатын айып-қиыбын төлеп, дереу құтылуға тырысатын (Готовицкий, 1885: 190-191; Әлімбай, 2017: 412). Мұндайда билер кеңесі куәгері жан беруден бас тартқан адамның өзінен жан беруді талап етті. Бірақ осындай жайтта да әлгі адамның ар тазалығы қатаң ескеріліп отырылды. Егер мұндай әрекеттен еш нәтиже шықпаса, әлгі тарап жеңілген болып саналып, тиісті жазаға кесілетін.

Екі тараптан да алынатын жан беру рәсімінің аяқталуы билік жүргізудің келесі соңғы сатысы даулы істің субъектілерінің дәйектемелерін талқылау және тиісті үкім-кесім шығару үрдісінің басталғандығын білдіреді (Словохотов, 1905: 100-101; Әлімбай, 2017: 412). Билік жүргізудің ежелден жалғасқан тәртібіне сәйкес мұндайда ара билердің әрқайсысы өз пікірлерін ортаға салатын. Шешуші үкім-кесімді ара билермен келісе отырып төбе би шығаратын (Словохотов, 1905: 101-102; Әлімбай, 2017: 412). Осы ретте тағы бір ерекше екшеп айтар жайт – билер кеңесінің ұйымдастырылуының институционалдық деңгейі мен құрамы даулы істің күрделілігі мен ауқымына ғана емес, әлгі істің субъектілерінің әлеуметтік мәртебесіне де тікелей байланысты болды. Егер даулы істің субъектілері сұлтан немесе қожа сынды ақсүйектер категориясынан болса, хан билігі жүріп тұрған кезеңде мұндай істі үш жүздің игі жақсылары мен ырыс ұстағандарының деңгейінде ең көрнекті өкілдері сұлтандар, билер, рубасылар, батырлар қатысатын хан кеңесі қарастырып отырды. Кейін хан билігі әлсіреген заманда мұндай істің үкім-кесімін енді үш-жүздің деңгейінде ұйымдастырылған билер кеңесі шығарып отырды. Мысал ретінде Кіші жүздің ханы Әбілқайырды өлтіруіне байланысты үш жүздің төбе билері, көрнекті рубасылары, ақсақалдары, батырлары бас қосқан кеңейтілген билер кеңесінің үкім-кесімін айтуға болады. Бұл үкім-кесім бойынша Төле би бас би ретінде кеңестің басқа мүшелерімен билермен бірге ханды өлтіргенді және оның руластарын Әбілқайыр ханның баласы Ералы сұлтанның пайдасына деп 7 құн төлеуге міндеттеген болатын (Маковецкий, 1886: 64; Баллюзек, 1873: 134; Әлімбай, 2017: 412).

***Жаза кесудің түрлері.*** Дәстүрлі билік жүргізу іс-тәжірибесінде жазаның басымен тартатын жаза және малымен тартатын жаза деген екі түрі қолданыста болды (Әлімбай, 2017: 416). *Басымен тартатын жазаға* қылмыс атаулының және бұзақы істердің субъектілерінің тікелей өздері жазаланатындығын білдіретін төмендегідей түрлері жатады: а) өлім жазасы; ә) ел-жұрттан аластау («етегін кесіп, елден қуу»); б) дүре

салу; в) қанға қан, жанға жан принципі бойынша қылмыскер жәбірленуші адамның денесінің мүшелеріне қандай зақым келтірсе, оған дәл сондай зақым жасалуы тиіс (talion); г) масқаралау және т.б. (Левшин, 1832, Ч. 3: 170-175; Спасский, 1820: 130-131; Саққұлақұлы, 2005: 147-151).

Сонымен қатар деректер аталмыш жазаның кейбіреулерінің бір-біріне ұласып қолданылғандығын да айғақтайды. Осыған орай төменде этнографиялық тұрғыдан да, әдет-ғұрыптық құқық жағынан да аса көрнекі бір жайтты мысал ретінде келтіруге болады: бір рудың (жетіата) ататектерінің шежірелік желісі жетіатадан әрі аса қоймаған жыныстық қатынасқа түскен қыз бен жігіт ата-баба жолы бойынша билер кеңесінің үкім-кесімімен өлім жазасына кесіліп отырды (Левшин, 1832, Ч. 3: 173; Саққұлақұлы, 2005: 148; Әлімбай, 2017: 515). Осы жазаның орындалуына дейін олар масқаралау жазасын өтейтін: осыған байланысты әшкере болған қыздың өрімі де, жігіттің мініс атының құйрығы да түбінен шорт кесілетін. Бұл үрдіс, біріншіден, қыздың «қарабет» («жүзіқара»),  қас масқара деген атаққа ілініп, ел-жұртпен байланысының біржола үзілгендігін білдіретін. Екіншіден, қыз бұрымының да, жігіттің мініс атының құйрығының да кесілуі олардың енді бұ дүниелік емес екендігін символдық тілмен айғақтағаны болса керек.

Сондай-ақ дәстүрлі қазақы ортада ислам әсерінің күшеюіне байланысты жазаға кесудің қазақы және мұсылмандық түрлері қатар қолданылып отырды. Мысал ретінде қылмысты деп есептелген адамға дүре салу жазасын айтуға болады. Бұл жазаны мұсылмандық тәртіппен қожа немесе қази тағайындаса, дүре жатқызылған адамға салынатын. Ал билердің үкім-кесімі бойынша, мұндай адамды белуарына дейін жалаңаштап тұрғызып қойып, арқасына дүре соғатын. Дүрелеудің осы қазақы түрі «тағзыр» деп аталады (Загряжский, 1876: 166). Алайда мұндай жазаға ақсүйек өкілдері, 60 жасқа толғандар, 13-ке жетпеген жеткіншектер кесілмейтін (Загряжский, 1876: 167).

*Малымен тарту жазасы* билердің үкім-кесімімен кінәлі деп табылған субъектілер өздерінің қылмыстарын немесе бұзақылық істерін мал-мүлікпен өтейтіндігін білдіреді. Мұндай мал-мүлік қылмысты істің ауыртпалығына байланысты құн және айып түрінде төленетін. Осы ретте ескере кетер жайт – құн жазасының мәні тек кісі өлтіргені үшін қылмыскер тарапынан төленетін мал басымен ғана шектелмейді. Өйткені құн жазасына, деректерге қарағанда, үшінші рет ұрлық жасаған, баукеспе аталған ұры да, кісі өлтірген қылмыскерді жасырған немесе оның қашып кетуіне себепкер болған адам да кесілетін (Левшин, 1832, Ч. 3: 170-174; Самоквасов, 1876: 255-256, 259, 260, 263; Әлімбай, 2017: 418).

Тәуке ханның «Жеті Жарғысының» қабылданып, жүзеге асырылуына байланысты өлім жазасына кесілгендер енді өзінің қазақы орта «қанішер» немесе «қандықол» деп атаған қылмысын билер кеңесінің үкім-кесімімен құн жазасымен өтеуге мүмкіндік алды. Билік жүргізудің үкім-кесімімен өзінің қылмыстық ісін құнмен төлейтін субъектілердің ортақ атауы – құныкер (Маковецкий, 1886: 66; Словохотов, 1905: 111; Әлімбай, 2017: 418). Құнның мөлшері көп болғандықтан, оны төлеу қылмыстының бір өзінің қолынан келмейтін. Құн жазасын өтеу үрдісіне қылмыстының руластары да тартылғандары сондықтан (Спасский, 1820: 130; Левшин, 1832, Ч. 3: 176). Құнды өтеуге қатысқан қылмыскердің туған-туыстарының, руластарының ежелден орныққан ортақ атауы –

«құндас» (Әлімбай, 2017: 418). «Жеті Жарғының» нормативтік қағидаларына сәйкес, кісі қолынан өлген ер адамның құны 1000 бас қой (100 бас жылқы немесе 50 бас түйе), ал әйел адамның – 500 бас қой (немесе 50 бас жылқы немесе 25 бас түйе) деп белгіленді (Левшин, 1832, Ч. 3: 171; Словохотов, 1905: 127). Ал ханды, сұлтанды немесе қожаны өлтіргені үшін құныкер мен оның туыстары қараша халықтың құнынан 7 есе артық құн төлеуі тиіс болды (Словохотов, 1905: 128; Баллюзек, 1873: 133). Шынтуайтында билік жүргізу іс-тәжірибесіндегі нормативтік-процессуалдық тұрғыдан да, жүзеге асырылуы тәсілі жағынан да күрделі жосын болып табылатын құн жазасы көшпелі ортада руаралық қатынасты мәжбүрлеу тәсілімен реттеп отыратын аса маңызды құқықтық функция атқарды. Осы ретте ескерер жайт – XIX ғ. 30-жылдарына дейін қазақ билерінің құқықтық іс-тәжірибесінде құн жазасы мен өлім жазасы қатар қолданылып отырды. Тек XIX ғ. 40-жылдарынан  кейінгі кезеңде қазақ өлкесінде үдетіле жүргізілген саяси-әкімшілік, соның ішінде, сот реформаларының нәтижесінде ғана аталмыш және басқа да ауыр қылмыстардың субъектілерін өлім жазасына кесу құн төлеп өтеу жазасына түбегейлі алмастырылды.

Малмен тарту жазасының келесі түрі айып жазасына жоғарыда аталған және басқа да көшпелі ортада шектен шыққан деп саналған ауыр қылмыстан өзге «жаман іске» барған субъектілер кесіліп отырылды (Әлімбай, 2017: 419). Айып жазасының жүзеге асырылу үрдісі құн жазасын атқару жосынымен бірдей десе де болады (Әлімбай, 2017: 419). Бірақ төленуге тиісті мал-мүліктің мөлшері құнға қарағанда әлдеқайда аз болды. Айып жазасын «кіші құн» деп те аталатыны сондықтан (Әлімбай, 2017: 419). Дәстүрлі қазақы ортада айып жазасының ең ауыры мал ұрлаудың субъектісіне тағайындалды. Мұндайда әшкере болған ұры мен оның жақтастары (руластары) жәбірленуші тарапқа үш тоғызға дейін, яғни, төрт түліктен тұратын барлығы 27 мал басын төлеу жазасына кесілді (Словохотов, 1905: 55, 131-132; Самоквасов, 1876: 266-267; Саққұлақұлы, 2005: 149; Әлімбай, 2017: 419). Айып жазасының осы түрінің көшпелі ортада ежелден қалыптасқан атауы – «айбана» (Левшин, 1832, Ч. 3: 174; Словохотов, 1905: 55; Әлімбай, 2017: 419). Ал ең төменгі айыптың мөлшері бір қой мен бір кез бұл (мата) ғана болды. Оның дәстүрлі атауы «азусыз ат, астарсыз шапан» (Словохотов, 1905: 134-135; Әлімбай, 2017: 419). Аса ірі ұрлық жасаған ұры мен оның сыбайластары аталған үш тоғыз айыпқа кесілумен қатар, билер кеңесінің ұйғарымымен бүкіл мал-мүлкінен де айрылу жазасына кесілді. Айыптың бұл түрі «шау алу» деп аталатын (Словохотов, 1905: 134; Баллюзек, 1873: 63; Әлімбай, 2017: 419).

Әдеттік құқықтың іс-тәжірибесінде билік жүргізуді ұйымдастырғандарға және ұйымдастыруға қатысқандарға «хандық», «билік», «сүйінші», «жасауыл ақы», «даушыға жіп кесер» сияқты арнайы ақылар төленетін (Гродеков, 1889: 196; Загряжский, 1876: 165-166; Леонтьев, 1890: 125, 138; Әлімбай, 2017: 419). Бұл ақылар айыптың түрлері ретінде атала беретін. Хан билігінің дәурені жүріп тұрған заманда «хандық» ақы ханның ел арасындағы бүкіл этникалық деңгейге ұласқан аса ірі даулы істі бітістіргені үшін берілетін сыйақының атауы болып табылады (Баллюзек, 1873: 63; Әлімбай, 2017: 419). Хан билігі жойылғаннан кейін бұл ақы енді сұлтандарға тиесілі болды (Әлімбай, 2017: 419). «Хандық» кінәлі адамды айып жазасына кесуге қатысты шығарылған үкім-кесім бойынша да тағайындалатын. Бірақ мұндай ақы осы жазаның ең ауқымды әрі күрделі

түрлеріне байланысты ғана төленетін (Загряжский, 1876: 163). Деректерге қарағанда, егер айыпқа аталған тоғыздың құрамы түйеден басталса, «хандыққа» деп 1 түйе, әлгі тоғыздың басы жылқы болса 1 ат аталатын (Баллюзек, 1873: 63; Загряжский, 1876: 165). Осы ретте айта кетер жайт – хандық құн жазасының кез келген түрінің жүзеге асырылу үрдісінің қажетті элементі болды.

«Билік» «хандықтың» жартысына – шамамен құнға немесе айыпқа арналған мал басының 1/10-не тең болды (Баллюзек, 1873: 20, 63, 165; Әлімбай, 2017: 419). «Жасауыл ақы» – билік жүргізу үрдісіне куәгерлердің немесе күдікті деп саналған адамдардың тікелей қатысуын қамтамасыз еткені үшін жасауылға тиесілі ақының атауы. Бұл ақы жазаның өтеуіне аталған мал басының есебінен төленетін. Бірақ мөлшері 1 жылқы мен 1 шапанның шамасынан аспайтын (Баллюзек, 1873: 63; Әлімбай, 2017: 419). Сонымен бірге «сырт айғақ» пен «бет айғақ» деп аталатын қылмыстық істің жасырын және ашық куәгерлеріне берілетін ақы «сүйінші» деп аталады. Бұл ақы жәбірленуші тарапынан билік жүргізу үрдісінен тыс билердің келісімімен берілетін. Оның мөлшері қылмыскердің жазасын өтеуіне аталған мал басының 1/4-іне тең болатын (Әлімбай, 2017: 419). Ал даулы істің мүлдем аяқталып, тараптардың береке-бітімге келгендігін айғақтайтын «даушыға жіп кесер» ақысы даулы істің ауқымы мен күрделілігіне, сондай-ақ жазаны өтеуге аталған мал басының санына да байланысты болды. Бұл ақының мөлшері әдетте 1 қой мен 1 шапаннан аспайтын (Баллюзек, 1873: 63; Әлімбай, 2017: 419). Қылмыскердің немесе бұзақының аяғына тұсалып байланатын ала жіптің билердің және ел-жұрттың алдында кесілуі тараптардың арасындағы даудың енді мүлдем аяқталғандығының символы болды (Баллюзек, 1873: 63; Әлімбай, 2017: 419). Дәстүрлі билік жүргізу үрдісінде ала жіп кесу рәсіміне дейін тараптардың арасындағы аса даулы істі бітістіруге (пәтуаға келтіруге) байланысты атқарылатын «салауат» немесе «салауат шақыру» деп аталатын құқықтық институттың орны мен рөлі айырықша болғандығын ерекше атаған ләзім (Загряжский, 1876: 201-202; Әлімбай, 2017: 420). Бұл жосынды атқаруға, әсіресе, руаралық деңгейдегі ұзақ уақытқа созылған текетірес дауды реттеу үрдісіне ел-жұрттың (аса қат жағдайда үш жүздің де) бетке ұстар игі жақсылары мен ырыс ұстағандарының аса көрнекті өкілдері қатысатын (Әлімбай, 2017: 420). Салауаттан кейін бұрынғы дауға түскендердің арыз-шағымдары негізсіз деп есептелініп, қабылданбайтын. Алайда бұл салт жесір дауына байланысты қолданылмады (Загряжский, 1876: 202).

***Барымта және оның құқықтық-реттеушілік функциясы.*** Алайда билік жүргізудің үкім-кесімін әлдебір себептермен тиісті жазаға кесілген тараптың орындамау жайты сирек те болса кездесіп отырды. Мұндайда арнайы қайта шақырылған билер кеңесі жәбірленуші тарапқа көшпелі ортада ежелден жасап келген мәжбүрлеу тәсілі – барымта ұйымдастыруға рұқсат беретін (Леонтьев, 1890: 139; Әлімбай, 2017: 420). Ата-бабаның жолы бойынша билер барымталанатын малдың мөлшерін және барымтаның атқарылатын уақытын белгілейтін. Әдет-ғұрыптық құқықтың ежелгі жосыны бойынша, билер кеңесі белгілеген уақыттан бұрын немесе кейін барымта жасауға, әсіресе, аталған мөлшерден артық мал олжалауға қатаң тыйым салынды (Әлімбай, 2017: 420). Мұндайда артық мал алу жайты ұрлық-қарлық деп есептеліп, кінәлі барымташылар, ең алдымен оның басты ұйымдастырушысы әдет-ғұрыптық құқықтың осы қылмысқа байланысты қағидалары бойынша тиісті жазаға кесілетін (Әлімбай, 2017: 420). Демек барымтаны орыс отаршылдығы орныққанға дейінгі кезеңде дәстүрлі қазақы ортада

руаралық (ру-қауым аралық) қатынасты мәжбүрлеу тәсілімен реттейтін құқықтық институттардың бірі ретінде қарастыруға болады (Леонтьев, 1890: 116; Әлімбай, 2017: 420). Бұл институттың осындай реттеушілік функциясы Ресей империясының отаршылдық тәртібінің көшпелі ортада орнығуына байланысты мүлдем өзгеріп кетті. Барымта қазақ социумының тіршілік кеңістігінің ерекше тарылуына байланысты, оның үстіне империялық әкімшіліктің тікелей арандатушылығының нәтижесінде, әсіресе, XIX ғ. 70-жылдарынан бастап күшейе түскен руаралық қақтығыстың себебіне де, салдарына да айналды (Әлімбай, 2017: 420).

Сонымен көшпелі ортадағы институционалдық қатынастардың құқықтық нормалар мен принциптер деп аталатын элементтерінің функционалдық ерекшелігі сонда, олар көшпелі ортадағы сан деңгейлі, сан салалы әлеуметтік қатынас жүйесінің қалыпты қызметін субъектаралық шиеленістерді жазалау, айыпқа кесу, мәжбүрлеу, бітістіру сияқты құқықтық тәсілдермен «жөнге салу» арқылы қамтамасыз етіп отырды (Әлімбай, 2017: 420). Көшпелі қоғам жағдайында билік жүргізу бүкіл құқықтық жүйенің ең басты институционалдық негізі әрі функционалдық механизмі болғандығы сондықтан. Билік жүргізудің көшпелі ортадағы ежелден жалғасқан билер кеңесінің дәстүрлі ұйымдық құрылымы мен функционалдық күйі шамамен XIX ғ. 60-жылдарының соңына дейін сақталып келді (Леонтьев, 1890: 115-116; Әлімбай, 2017: 420).

***Ресей билігінің XIX ғ. екінші жартысында жүргізген әкімшілік-территориялық және саяси реформаларының әсері.*** Аталған кезеңнен кейін Қазақ өлкесінде Ресей империясы тарапынан күшпен жүргізілген XX ғ. бас кезеңіне дейін жүзеге асырылған әкімшілік-саяси реформалар дәстүрлі билік жүргізу тәртібін түбегейлі өзгертіп жіберді. Осы ретте, ең алдымен, дәстүрлі қазақы ортада билік жүргізу жүйесінің құрылымдық және функционалдық қалпы мен күйін қамтамасыз еткен ең басты әрі бірден-бір фактор билердің көшпелілердің өздері таңдайтын ежелгі тәртібінің жойылғандығын ерекше екшеп айту қажет. Бұл дәстүрлі қазақы ортадағы қоғамдық қатынастың әртүрлі деңгейлері мен салаларының өзара үйлесімділігін қамтамасыз еткен институционалдық жүйенің тағы бір аса қауқарлы компоненті – билік жүргізудің өзінің ежелгі реттеушілік функциясынан мүлдем айырылғандығын айғақтайды (Әлімбай, 2017: 420). 1868 ж. Ресей отаршылдық билігінің «Торғай, Орал, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы Уақытша Ережесі» бойынша Қазақ өлкесінің төменгі басқару жүйесі 1000-2000 шаңырақтан тұратын бірнеше болыстарға бөлінді. Ал әрқайсысы 100-200 шаңырақтан тұратын ауылдар бір болысқа бірікті (Леонтьев, 1890: 123). Нәтижесінде дәстүрлі билік жүргізу жүйесі өзінің ежелгі құрылымдық және функционалдық қауқарынан айырылды. Өйткені аталмыш «Ережеге» сәйкес, биді бұрынғыдай дауға түскен тараптар таңдамайтын болды. Енді әрбір болыс өз билерін өзі сайлауға мүмкіндік алды. Бірақ үш жыл сайын болыстық съезде болыс сайлауымен қатар жүрген бұл үрдістің орыс әкімшілігінің жіті бақылауында болғандығын атаған жөн. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – билер сайлауына 25 жастағы кез келген үміткер түсуге құқылы болды. Бұл жайт әдет-құқықтық іс-тәжірибенің мән-жайына мейлінше қанық тұлғаларды бүкілхалықтық таңдау деп аталатын дәстүрлі сұрыптау механизмінің біржола жойылғандығын айғақтаса керек. Осыған байланысты дауға түскендер өз болысының ауқымында сайланған 4–8 билерге ғана жүгінуге мәжбүр болды. Қазақы ортада «жаңа би» деп

аталған бидің құзырында көшпелі ортадағы құны 300 рубльге дейін деп есептелінген даулы іс қана болды. Алайда бидің түбегейлі үкім-кесімі іс жүзінде құны 30 рубльден аспайтын даулы іспен шектелді. Ал құны 300 рубльден асатын әртүрлі істердің үкім-кесімін шығару билердің болыстық съезінің құзырына көшті. Бірақ мұндай істің ақшаға шаққандағы құны 500 рубльден аспауға тиіс болды. Аталмыш межеден – құны 500 рубльден жоғары даулы істер және кісі өлтіру, тонау, әйел зорлау сияқты қылмысты іс-әрекеттер ояздың (уез басшысы) шешімімен осы уезге қарасты болыстықтардың төтенше съезінде қарастырылатын (Гродеков, 1889: 199-201; Леонтьев, 1890: 124-125; Крахалев, 1888: 32-33). Осы және XX ғ. бас кезеңіне дейін патшалық режим тарапынан жүзеге асырылған әртүрлі реформалардың салдарынан болған мұндай институционалдық өзгерістер қазақ социумында ежелден орныққан құқықтық институттардың мүлдем бұзылуына алып келді (Алимбай, Смагулов, 2021: 86-92).

Осындай жайтқа байланысты билік жүргізудің және оның нормативтік-процессуалдық қағидаларының орыс отаршылдығының жаңадан қалыптасқан саяси-әкімшілік тәртібіне бейімделген «Ереже» деп аталатын нұсқаларын қолданысқа енгізуге XIX ғ. 80-90 жылдары бірталай әрекеттер жасалынды. Бұлардың ең көрнектісі – 1885 жылы мамыр айында Семей облысының Қарамола деген елді мекенінде заманында ұлық би атанған Абайдың өзі қатысқан арнайы шақырылған төтенше съездің барлығы 93 баптан тұратын әйгілі Қарамола Ережесінің материалы (Абайдың өмірбаяны..., 2020: 503-526).

## Нәтижелер

Дәстүрлі әдеттік құқық жүйесі көшпелі қазақ қоғамының ежелден орныққан құрылымдық үйлесімділігін және функционалдық ритмін қамтамасыз етіп отыратын негізгі әрі ең қауқарлы институционалдық механизм болды. Шамамен XVI-XVII ғасырлардың шендескен уақыт аралығында қазақ этносының үш жүздік құрылымға ұйымдасуына байланысты әдеттік құқық институттарының, соның ішінде әсіресе билердің социумның басқару-билік жүйесіндегі рөлі арта түсті. Мұны айқын түсінген империялық билік әсіресе XIX ғ. 20-жылдарының орта шеніне таман көшпелілердің құқықтық мәдениетін зерттеуге ерекше назар аудара бастады. Осыған байланысты 1824 жылы «Қырғыз (қазақ) заңдары жөніндегі комитет» құрылып, оған 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы Жарғының» «Бұратана халықтарды басқару» деп аталатын 68-бабына сәйкес жергілікті халықтың «аса беделді адамдарынан» ежелгі заңдар жөнінде мәлімет жинау ісін ұйымдастыруды міндеттеді. Сөйтіп 1824 жылдың 7 ақпаны күні аталған комитеттің алғашқы отырысында қазақтың әдеттік құқық дәстүрі жөніндегі алдын-ала жинақталып жүйеленген материал «Обычаи киргизов» деген атаумен қабылданды. Барлығы 208 баптан тұратын бұл материалдың архивтік түпнұсқасындағы әрбір баптың тұсында орыс шенеуніктері тарапынан берілген түсініктемелерден олардың әдеттік құқық ұстанымдары мен институттарын ресей заңдарына сәйкестендіруді көздеген мақсат-мүддесін айқын аңғаруға болады (Материалы по казахскому обычному праву.., 1948: 8, 71-158). Осылайша сәйкестендіріліп өзгертілген әдет-құқықтық жүйені қазақ елін түбегейлі бағындырудың құралына айналдырудың институционалдық және идеологиялық стратегиясы қалыптаса бастады. Шынтуайтында аталған уақыттан

